

Техникалық және қызмет көрсету еңбегінің мамандықтары бойынша кәсіби даярлық деңгейін растау және біліктілікті беру ережесін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2005 жылғы 27 қаңтардағы N 43 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 11 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 3438. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 30 қарашадағы N 595 Бұйрығымен

***Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007.11.30. N 595 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.***

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Техникалық және қызмет көрсету еңбегінің мамандықтары бойынша кәсіби даярлық деңгейін растау және біліктілікті беру ережесі **бекітілсін.**

2. Облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары (департаменттері) осы бұйрықты олардың меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, барлық кәсіптік бастауыш білім беретін оқу орындарының назарына жеткізсін.

3. Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (С.Б.Есбосынова) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінен мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

***М и н и с т р д і н***

***міндеттін атқарушы***

**Қазақстан Республикасы**

**Білім және ғылым министрлігінің**

**2005 жылғы 27 қаңтардағы**

**N 43 бұйрығымен бекітілген**

**Техникалық және қызмет көрсету еңбегінің кәсіптері  
(мамандықтары) бойынша кәсіби даярлық деңгейін растау  
және біліктілікті беру туралы**  
**Ереже**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Техникалық және қызмет көрсете еңбегінің кәсіптері (мамандықтары) бойынша кәсіби даярлық деңгейін растау және біліктілікті беру туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 30, 33, 35-баптарына сәйкес әзірленген.

2. Ереже меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан кәсіптік бастауыш және орта білім беру ұйымдарына, оқу курстары мен орталықтарына, сондай-ақ техникалық және қызмет көрсете еңбегінің кәсібін өз бетінше игерген тұлғаларға таратылады.

3. Ереже кәсіптік мектептерде, колледждерде, оқу курстары мен орталықтарында оқитын тұлғалардың, кәсіпорындар және мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ өз бетінше техникалық және қызмет көрсете еңбегінің кәсіптерін игерген тұлғалардың кәсіби даярлық деңгейін растау және біліктілікті беру тәртібін, нақты кәсіптер мен мамандықтар бойынша олардың білімінің, іскерлігінің және дағдысының біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтайды.

### **2. Кәсіби даярлық деңгейін растау және біліктілікті беру жөніндегі жұмыстарды үйымдастыру**

4. Алатын мамандығына және оқылатын пәндеріне байланысты кәсіби даярлық деңгейін растау арнаулы пәндер бойынша біліктілік емтихандарын тапсыруды (жазбаша тесті) және біліктілік (сынама) жұмыстарды (практикалық тест) орындау көзделеді.

5. Техникалық және қызмет көрсете еңбегінің кәсіптері (мамандықтары) бойынша кәсіби даярлық деңгейін растау және біліктілікті беруге арналған біліктілік емтихандарын тапсыруға кәсіптік бастауыш және орта білім беру бағдарламалары бойынша толық оқу курсын өткен тұлғалар, сондай-ақ мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес қорытынды аттестаттаудан, техникалық және қызмет көрсете еңбегінің мамандықтарын өз бетінше игерген тұлғалар жіберіледі.

6. Жалпы кәсіптік және арнаулы пәндер, өндірістік оқыту бойынша іскерлік және практикалық дағыларының білімділік деңгейін белгілеу жөніндегі жұмыстарды үйымдастыру үшін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының (бұдан әрі - МЖБС) талаптарына сәйкес техникалық және қызмет көрсете еңбегінің бейіні бойынша біліктілік комиссиясы (бұдан әрі - БК) құрылады.

7. Техникалық және қызмет көрсете еңбегінің бейіні жөніндегі біліктілік комиссиясының төрағасы кәсіпорындардың, ұйымдардың (құрылымдық бөлімшелердің) басшыларынан, яғни жұмыс берушілер өкілдерінің арасынан тағайындалады .

Техникалық және қызмет көрсету еңбегінің бейіні жөніндегі біліктілік комиссиясы тәрағасының немесе тәраға орынбасарының тиісті мамандығы және мемлекеттік тілді білуі керек.

8. Техникалық және қызмет көрсету еңбегінің бейіні жөніндегі біліктілік комиссиясының құрамына еңбекті қорғау, электрлік қауіпсіздік жөніндегі органдарының өкілдері, өндірістік участке шеберлері, директордың оку-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары, арнаулы пәндер оқытушылары, өндірістік оқыту шеберлері тартылады.

9. Объектілермен, қадағалау жөніндегі арнаулы ұйымдар мен ведомстволардың жұмыстарымен байланысты (жүк көтергіш крандарының машинистері, электрлік лифттердің слесарь-монтажниктері, электрлік даяшылар, электрлік станциялардың кезекші қызметкерлері және басқалары) біліктілік емтихандарын тапсыру кезінде (жазба тесті) БК-нің құрамына осы ұйымдардың өкілдері де кіреді.

10. Әрбір арнаулы пән бойынша біліктілік емтихандарына (жазбаша тестілеу) оқу бағдарламаларына сәйкес 100 сұрақ (қазақ немесе орыс тілдерінде) кіреді. Әрбір тестік тапсырманың дұрыс жауабы 1 баллмен бағаланады.

11. Жазбаша тестілеуден 60 балдан кем алса, біліктілік жұмыстарын тапсыруға жіберілмейді.

12. Жазба тесттердің нәтижелері баллмен бағаланады және белгіленген тәртіппен Біліктілік комиссиясы мәжілісінің хаттамасы ресімделгеннен кейін сол күні жарияланады .

13. Практикалық тест түріндегі біліктілік (сынама) жұмыстарын өткізу кезінде біліктілік сипаттамаларымен, техникалық талаптарымен көзделген тиісті біліктілік деңгейінің аталған кесіптерінің (мамандықтарының) жұмыстары мен бұйымдары үшін сипаттамалық орындау көзделеді.

14. Біліктілік (сынама) жұмыстарын орындаудың тізбесі, мазмұны және талаптары оқу жұмыс бағдарламалары мен біліктілік сипаттамаларына сәйкес анықталады.

15. БК мүшелері емтихан тапсырушының біліктілік жұмыстарын бағалауда жалпы техникалық және арнаулы пәндер бойынша нақты білім деңгейін, өндірістік оқыту жөніндегі емтиханда іскерлік пен практикалық дағдылары және олардың кәсіби (мамандық) бойынша оқу бағдарламалары мен сипаттарының біліктілік талаптарына сәйкестігі есепке алынады.

#### 16. Біліктілік жұмысы:

егер тапсырма техникалық талаптары мен шарттарына сәйкес толық қөлемде орындалса, қабылданған болып саналады;

белгіленген біліктілік жұмыстарын (практикалық тесті) орындауға арналған нормаларды пысықтауды (уақыт) орындаған жағдайда қабылданбаған болып саналады.

17. Емтихан тапсыруши өткізу тәртібін бұзған жағдайда, одан әрі емтиханды тапсыру туралы мәселені БК-тің төрағасы шешеді.

18. Біліктілік комиссиясының құрамы, олардың жұмысын ұйымдастыру, тракторларды және басқа да өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы мелиоративтік көліктерін, сондай-ақ, автокөліктерді басқаруға куәлік беру тәртібі нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде N 2725 тіркелген "Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыш машиналары мен механизмдерін жүргізу құқығына емтихандар қабылдау және куәліктер беру туралы Ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 29 қаңтардағы N 33 бұйрығына сәйкес анықталады.

19. Кәсіптер (мамандықтар) бойынша біліктілік емтихандарының нәтижесі (жазба тесті) және емтихан тапсырушиға біліктілік разрядтарын (класс, сынып) беру туралы БК-тің шешімі БК-тің төрағасы мен барлық мүшелері қол қоятын хаттамаға жазылады.

### **3. Құжаттарды ресімдеу және беру**

20. БК-тің хаттамалық шешімінің негізінде техникалық және қызмет көрсету кәсіптері бойынша емтихан тапсырушиға тиісті біліктілік деңгейлері көрсетілген сертификат беріледі (қоса берілді).

21. Кәсіби даярлық деңгейі жөніндегі сертификаттарды беру техникалық және қызмет көрсету еңбегінің кәсіптері (мамандықтары) бойынша біліктілікті беру туралы сертификаттарды есепке алу және беру жөніндегі жеке журналдарға ресімделеді.

Техникалық және қызмет  
көрсету (мамандықтары)  
бойынша кәсіби даярлық  
деңгейін растау және  
біліктілік санатын беру  
ережелеріне қосымша

---

(министрлік пен ведомствоның атауы)

---

(техникалық және қызмет көрсету еңбегі кәсіптері (мамандықтары) бойынша кәсіби даярлық деңгейін растау және біліктілік санатын беруді өткізген ұйымның атауы)

**СЕРТИФИКАТ N\_\_\_\_\_**

Осы сертификат азамат \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты)

берілді, өйткені ол 200\_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_"  
"\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейін \_\_\_\_\_

(кәсіптің (мамандықтың атауы)  
біліктілік емтихандарын тапсырды.

1. Жазбаша тест \_\_\_\_\_  
(жинаған балл санын жазбаша көрсету)

2. Практикалық тест \_\_\_\_\_  
(**"қанағаттанарлық, "жақсы", "үздік" бағалары көрсетіледі**)

(біліктілік жұмысының түрі көрсетіледі)  
Біліктілік комиссиясының шешімімен 20\_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_"  
N \_\_\_\_\_ хаттама азамат \_\_\_\_\_

Біліктілік берілді. N разряд (класс) \_\_\_\_\_  
Б і л і к т і л і к  
комиссиясының төрағасы \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)  
Комиссия мүшелері \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)  
М.О. Директор Датасы 200\_\_\_\_\_ ж. "\_\_\_"  
Елді мекен \_\_\_\_\_  
(қала, облыс көрсетілсін)

Тіркеу N \_\_\_\_\_  
(қолы)